

"Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Ережені жариялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 23 желтоқсандағы N 370 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 сәуірде N 279 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы N 556 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңды орындау үшін "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Ережені жариялай

о т ы р ы п б ұ й ы р а м ы н :

1. Облыстардың ішкі істер басқармаларының, Алматы қаласының қалалық ішкі істер басқармасының бастықтарына

1.1. Ережені басшылыққа алсын және оны төлқұжат пен визалық жұмыстар аппараттарының жеке құрамдарының зерделеуін ұйымдастырсын. Азаматтық мәселелері жөнінде адамдарды қабылдауды жүзеге асырушы қызметкерлерден өтініштерді қарауда ұқыпты болуды, өтініш берушіні сипаттайтын мәліметтерді мұқият зерделеу мен әділ баға беруді талап етсін.

1.2. Қалалық аудандық ішкі істер органдарына өтініш берушілердің тұрғылықты жері бойынша оларға тиісті сауалнама-өтініш бланкілерін берсін, Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелер жөніндегі материалдарды қарауға қабылдап, ресімдесін. Өтініш берушілердің өздері туралы сияқты оның барлық жақын туысқандары туралы қажетті мәліметтерді алуды қамтамасыз етсін және аталған материалдарды бағыныстылығы бойынша облыстың ішкі істер басқармаларына жөнелтетін болсын.

1.3. Материалдарды ресімдеуге қатысты адамдарға соңғы 5 жылғы ішіндегі барлық тұрғылықты жерлері бойынша МТК криминалдық ақпарат орталығының есебі бойынша тексеру жүргізсін. Бұған қоса өтінім берушілер ішкі істер органдарының барлық есептері бойынша тексеріледі.

1.4. Облыс орталықтарында және Алматы қаласында тұратын адамдардан құжаттар қабылдау тікелей ішкі істер басқармаларының төлқұжат және визалық жұмыстар басқармаларында, ал қалған жерлерде - өтінім жасағандардың тұрғылықты жері бойынша қалалық аудандардың ішкі істер бөлімдерінде жү р г і з с і н .

1.5. Сауалнама-өтініштер мен анықтамалар бланкілерін (N 2,3,4,5,6,7,8-қосымшалар) жасауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді ішкі істер органдарының қарау тәртібі туралы нұсқаулықты (1-қосымша) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің төлқұжат және визалық жұмыстар бас басқармасы облыстық, қалалық ішкі істер басқармаларынан азаматтық мәселелері жөнінде материалдар алған бойда қорытындылар әзірлеу үшін инстанциялармен келісуді және оларды Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Азаматтық бөліміне қарау үшін жіберуді, сондай-ақ қабылданған шешімдерді орындауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 91 бұйрығының күші жойылған деп саналсын.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы,*

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігінің
1996 жылғы 23 желтоқсандағы
N 370 бұйрығына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді ішкі істер органдарының қарау тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заң мен "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Ережені орындау мақсатында іс-тәжірибелік қызметте мыналарды басшылыққа алу қажет.

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш Қазақстан Республикасы Президентінің атына жолданады және тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына (Алматы қаласында және

облыс орталықтарында тікелей төл құжат және визалық жұмыс басқармасына)
б е р і л е д і .

Өтініштерде Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу дәлелдері көрсетілуге тиіс.

1.2. Ішкі істер органдарына Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы түскен материалдар мұқият тексеріледі. Азаматтығын өзгерту себептеріне, сондай-ақ сауалнама мәліметтерінің толықтығына, өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің тегінің, аты мен әкесінің атының жазылуының дұрыстығына айрықша назар аударылуға тиіс.

Берілген құжаттардағы мәліметтердің толық еместігі немесе дәл еместігі табылған жағдайда олар тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін өтініш берушіге қайтарылуға тиіс.

Өтініш беруші осы Нұсқаулықта көзделген барлық құжаттарды берген сәттен бастап өтінім орындауға қабылданады деп есептеледі.

1.3. Тиісті үлгіде ресімделген материалдар өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша облыстардың ішкі істер басқармаларындағы бағыныстылығы жөніндегі аудандық ішкі істер органдарына жіберіледі.

Облыстардың және Қазақстан Республикасы астанасының ішкі істер басқармалары Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы материалдарды ресімдеудің дұрыстығын тексереді, осы мәселелер жөніндегі істі әрбір өтініш бойынша (Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі материалдардан басқа) екі бөлікте жүргізеді, ұлттық қауіпсіздік органдарының пікірін сұратады.

Облыстардың және Қазақстан Республикасы астанасының ішкі істер басқармалары олар жөніндегі істі және өздерінің қорытындыларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жібереді.

1.4. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінім жасаған тұлғаны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің криминалдық ақпарат орталығының есебі бойынша ішкі істер органдары тексереді.

1.5. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы материалдар жөніндегі Ішкі істер министрлігі, ішкі істер басқармасы шығарған қорытындыда өтініш берушіні сипаттайтын тексерілген мәліметтер толық баяндалуға тиіс.

Қорытындыны Ішкі істер министрлігі, облыстық, қалалық ішкі істер басқармаларының бастықтары немесе олардың орынбасарлары бекітеді.

1.6. Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіскеннен кейін өздерінің қорытындыларын жасайды, ол Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы материалдармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі. Өтініш берушіні Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауға қарсы болған жағдайда Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз тұжырымын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияға баяндайды.

1.7. Азаматтық мәселелері жөніндегі материалдарды берген ішкі істер органдардың өтінімдерінде ауытқушылық болған жағдайда өтініш иесіне орындамау дәлелі көрсетілген анықтама беріледі. Аталған анықтаманың екінші данасы өтініш берушінің жеке іс қағазына қосып тігіледі.

1.8. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініштері оларды заңды өкілдері арқылы беріледі. Бұл ретте 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалардың өздері қол қойған жеке келісімі қажет, тәртіп бойынша олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері берген өтінішпен бір мезгілде беріледі.

Балалардың келісімін нотариат куәландырады және ата-анасының біреуінің өтініміне қоса беріледі. Бұған қоса ата-аналарының өтінімдеріне сауалнама-өтініштерде көрсетілген балалардың тууы туралы куәлігі көшірмесінің екі данасы қоса беріледі.

1.9. Өтініштерді қарау мерзімі жергілікті ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде және басқа мемлекеттік органдарда осы органдардың әрқайсысында бір айдан, ал жиынтығы - алты айдан аспауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау

2.1. Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- бекітілген нысандағы екі дана сауалнама-өтініш (N 2 қосымша);
- еркін нысанда жазылған екі дана толық өмірбаян;
- бас киімсіз қарсы алдынан түсірілген 3,5x4,5 см. көлемдегі төрт фотосурет;
- "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңның 1-бабында

көзделген, белгіленген нысанда (N б-қосымша) жасалған шарттарды сақтайтындығы туралы міндеттеме;

- жұмыс орнынан лауазымы, оқушыларға - оқу орны көрсетілген екі дана а н ы қ т а м а ;

- мемлекеттік баж төленгені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат.

Өтініштердің, сауалнамалардың және өмірбаяндардың барлық даналарына өтініш беруші жазылған уақытын көрсетіп қол қоюға тиіс. Егер өтініш беруші сауатсыздығы немесе дене кемістігіне орай өтінішке қол қоя алмайтын болса, Заңның 33-бабына сәйкес оның сұрауы бойынша өтінішке басқа адам қол қояды, бұл жөнінде мемлекеттік нотариус мекеме өтінішке тиісті жазба жасайды.

2.2. Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінім білдірген адам өтініш берген сәтте Қазақстан Республикасының азаматымен некеде тұрса, неке туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін т а п с ы р а д ы .

Бұған қоса бұрынғы одақтық республика азаматының жақын туысқандарының біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болса: баласы (оның ішінде асырап алған), жұбайы (зайыбы), ата-аналарының біреуі (асырап алушы), әпкесі, қарындасы, бауыры, атасы немесе әжесі, олардың Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтарымен туысқандық дәрежесін куәландыратын (тууы туралы куәлік, неке туралы куәлік және басқа) құжаттар, өз туысқандарының тұрақты тұратын жерлері туралы мекен-жай бюросының алған анықтама және оның Қазақстан Республикасының азаматтығына жататынын растайтын құжаттың көшірмесін тапсырады.

2.3. Егер Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тілек білдірген адам Қазақстан Республикасы қос азаматтық жағдайларының туындауына жол бермеу туралы келісім (шарт) жасасқан басқа мемлекеттің азаматы болса, өтінім сол мемлекеттің құзыретті органының өтініш иесінің Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау ниетіне көзқарасын куәландыратын құжатты бірге ұсынғанда ғана қабылданады.

2.4. Өтініштерді қабылдаған кезде ұлттық төлқұжатты, тұруға рұқсат қағазын, азаматтығы жоқ адамдар куәліктерін тапсыруы талап етілуі қажет, олар қаралып, сауалнама-өтініштерде белгі қойылғаннан кейін иесіне қайтарылады. Ұлттық төлқұжатқа, тұруға рұқсат қағазына, азаматтығы жоқ адамдардың куәліктеріне ешқандай белгі қойылмайды.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңның 18-бабына сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған адамның өтініші бойынша оның азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкін.

Басқа азаматтығы бар немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына немесе азаматтығынан айырылғанға дейін және азаматтығы тоқтатылғаннан кейін оның аумағынан тысқары кетпесе не олардың республика аумағында болмауы Заңның 38-бабында көзделген мерзімнен аспаса Заңның 16-бабы бірінші бөлігінің 1-тармағының 1-абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтығы қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу Заңның 33-бабының талаптары ескеріле отырып және осы Ереженің 5-тармағында және осы Нұсқаулықтың 2.1.-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы Ереженің 5-тармағында көзделген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінімге өтініш берушінің бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болғанын және оның республика аумағында тұрақты тұрғандығын (тууы туралы куәлік, тұрғылықты жерінен анықтама және т.б.) куәландыратын құжаттары қоса беріледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу

4.1. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- белгіленген нысандағы сауалнама-өтініш (N 3 қосымша);
- еркін нысанда жазылған және осы Нұсқаулықтың 2.1.-тармағына сәйкес ресімделген толық өмірбаян;
 - 3,5x4,5 см. көлемдегі үш фотосурет;
 - балалардың тууы туралы және неке туралы куәліктің көшірмелері;
 - жұмыс орнынан немесе оқу орнына берілген анықтама, ал жұмыс істемейтіндерге - тұрғылықты жеріндегі соттан өтініш беруші адамның мемлекет алдында атқарылмаған міндеттерінің немесе азаматтардың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелерінің бар-жоғы көрсетілген анықтама;
 - әскерге шақыру жасындағы адамды міндетті әскери қызметін өткеруден босату туралы (18 жастан 27 жасқа дейін) әскери комиссариаттан берілген анықтама;
 - мемлекеттік баж төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат.
- 14 жасқа дейінгі баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу

туралы өтінім берген кезде ата-аналарының біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығында қалса, баласының Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына деген көзқарасын білдіретін сол ата-ананың нотариат куәландырған өтініші берілуге тиіс.

4.2. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы сауалнама-өтініштер берілген кезде өтініш берушілердің олардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылудың жоғалтудың құқықтық және өзге де зардаптары, ол туралы анықтамада тиісті жазба жасалатындығы, бұдан әрі өтініш беруші қол қойған материалдарға қоса берілетіндігі түсіндіріледі.

4.3. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы қ о р ы т ы н д ы л а р д а :

- өтініш берушінің мемлекет алдында атқарылмаған міндеттерінің немесе азаматтардың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелерінің бар немесе ж о қ е к е н д і г і т у р а л ы ;

- оның айыпталушы ретінде жауапқа тартылғаны немесе оған қатысты орындалуға жататын, заң күшіне енген сот үкімі туралы;

- осы адамның Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы мемлекеттік қауіпсіздік мүддесіне қайшы келмеуі туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру

Қазақстан Республикасының азаматтығынан мынадай жағдайларда а й ы р ы л а д ы :

1) егер Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамның басқа мемлекеттің әскери қызметіне, қауіпсіздік комитетіне, полициясына, әділет органдары немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына қызметке тұрғаны себепті;

2) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы жалған мәліметтер мен жасанды құжаттар табыс етуі нәтижесінде берілсе;

3) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген н е г і з д е р б о й ы н ш а ;

4) егер адам үнемі Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрған бес жыл ішінде дәлелді себептерсіз консулдық есепке тұрмаса.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды белгіленген нысандағы журналға (N 8-қосымша) тіркейді және Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне тоқсан сайын берілетін есептеріне қосымшада х а б а р л а й д ы .

Шет елден мәліметтер алу қажет болған жағдайда сұраным Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің төлқұжат және визалық жұмыс бас басқармасына жөнелтіледі.

Тексеру нәтижесі бойынша дәлелді қорытындылар шығарылады, оны қалалық ішкі істер органдарының бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

Түскен материалдар жеке іс номенклатурасында ресімделеді, ол аяқталғаннан кейін архивке өткізіледі және тұрақты сақтауға жатады.

6.3. Адамдарды тұруға берілетін рұқсат қағаздармен құжаттандыру, Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы анықталды, сондай-ақ оларды есепке алу "Қазақстан Республикасына шет ел азаматтарының келу ережесін қолдану тәртібі туралы" белгіленген нұсқаулық тәртібімен жүргізіледі.

Адамдарға Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы белгіленеді, оларға Қазақстан Республикасының азаматы деген төлқұжаттармен және жеке басын куәландыратын куәліктермен құжаттандыру үшін негіз болып табылатын анықтама (N 5 қосымша) беріледі.

7. Азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау тәртібі

7.1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі азаматтық мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын алысымен жеті күн мерзім ішінде олар туралы материалдар ұсынған ішкі істер басқармасы жазбаша хабарландырады.

7.2. Ішкі істер басқармасы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша қалалық аудандар ішкі істер бөлімі арқылы аталған шешімдерді алысымен жеті күн мерзімде өтініштерді қарау нәтижелері туралы оларды хабардар етеді.

7.3. Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға облыс ішкі істер басқармасының төлқұжат және визалық жұмыс басқармасы осы адамдарға Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын куәліктері мен төлқұжаттарын беру үшін белгіленген тәртіппен негіз болып табылатын жұмыс растаған анықтама (4-қосымша) береді, оларды шет ел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам ретіндегі есептен шығарады және оларды дер кезінде құжаттандыруды қамтамасыз етеді.

7.4. Ішкі істер басқармасы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдардан ұлттық төлқұжат алып қояды, оларды, мемлекетаралық шарттарда көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бас консулдық басқармасына жібереді. Азаматтығы жоқ адамдардың куәліктері жеке іс қағаздарына қосып тігіледі.

7.5. Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтығын шығу туралы шешім жасалған адамдардан Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәлік пен төлқұжатын алып қояды, оларға белгіленген тәртіппен азаматтығы жоқ адам ретінде куәлік пен анықтама (N 7-қосымша), беріледі.

8. Азаматтық мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының орындалуы туралы ішкі істер басқармасы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Жарлыққа қол қойылған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде хабарлайды.

*Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
төлқұжат және визалық*

жұмыс бас басқармасы

N 2 қосымша

Ф о т о с у р е т т і ң
о р н ы
4 x 5

АНКЕТА-ӨТІНІШ

1. Мені Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауыңызды
ө т і н е м і н

2. Төменде өзім туралы қажетті мәліметтерді, сондай-ақ
азаматтықты қабылдауымның себептері туралы хабарлаймын

Сұрақтар:	Жауаптар:
----- -----	
3. Аты - жөні, тегі	
----- -----	
4. Бұрын аты-жөніңізді өзгертсеңіз қашан қай жерде және не себептермен өзгерттіңіз	
----- -----	
5. Туылған жері, айы, күні және жылы (ауыл, қала, аудан, облысы, егер шетелдерде тусаңыз, қай елде екенін көрсетіңіз)	
----- -----	
6. Ұлты	
----- -----	
7. Білімі мен мамандығы бойынша кәсібі	
(қашан, қай жерде және қандай оқу	

орнын бітірген) | -----|-----
-----8. Жанұя жағдайы (некеде тұрмын, |
ажырасқанмын, жесірмін) | -----|-----
-----9. Қазіргі кездегі азаматтығы | -----|-----
-----10. Қазіргі кезде қолда бар жеке басын |
куәландыру құжаттары(ұлттық паспорт, |
шетел азаматы немесе азаматтығы |
жоқтарға уақытша тұруға берілетін |
рұқсат қағазы) қашан, қай жерде және |
к і м б е р д і |
-----|-----11. Бұрын басқа елдердің
азаматтығында |
болсаңыз, қай жерде, қашан және неге |
ол азаматтықты қабылдадыңыз, егер ол |
азаматтықтан шықсаңыз не себепті |
шықтыңыз | -----|-----
-----12. Бұған дейін Қазақстан Республикасы |
азаматтығын қабылдау туралы өтініш |
жасасаңыз қашан, қай жерде қандай |
шешім қабылданды | -----|-----
-----13. Шетелде тұрдыңызба, қашан және |
қандай мақсатпен Қазақстан |
Республикасына келдіңіз | -----|-----
-----14. Қазақстан Республикасына келгенге |
дейін сот арқылы қылмыстық |
жауапкершілікте болсаңыз қашан қайда |
н е ү ш і н |
-----|-----15. Шетелде әскери,
м е м л е к е т т і к |
қауіпсіздік, полиция, әділет тағы |
басқа мемлекеттік басқару органдарда |
қызмет атқардыңыз ба |
-----|-----16. Қазақстан
Республикасына келгеннен |
кейін сот арқылы қылмыстық және |
азаматтық жауапкершілікте болсаңыз, |
қашан, кім жауапқа тартты | -----|-----
-----17. Қазақстан Республикасында атқаратын |
қызметі | -----|-----

-----Айы және жылы |
Мекемесі ұйымы кәсіпорны|Мекеменің ұйымдардың
| атқаратын қызметі | мекен-жайы
-----!

келген | шыққан |
уақытының | уақыты . |

| н ы ң |

-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!

12. Сіздің жақын туыстарыңыз (жұбайыңыз, зайыбыңыз, әке-шешеніз, аға-іні, апа-қарындастарыңыз)

Бұл тармақта Қазақстан Республикасында және шетелдерде тұратын барлық туыстарыңыз көрсетілуі керек. Оның некеге тұрғанға дейінгі тегі көрсетіледі!

-----Туыстық |Аты-жөні,тегі|Туылған жеріЖұмыс орны |Келген елі
м е н

қатынасы|Фамилия, имя,!және жылы |және қызметі|тұрақты мекен-жайы
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!

13. Менімен бірге кәмелетке толмаған мына балаларымды Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауыңызды өтінемін -----

|Аты-жөні, тегі |Туылған айы |Туылған | Ескерту
N ! !және жылы | жері | --!-----!-----!

-----!
-----!
-----!

-----!
-----!
-----!

-----14. Тұрақты мекен-жайы және телефон нөмірі

" _____ " _____ 199 _____ г.

толтырылған күні

қолы

Анкета-арызда көрсетілген құжаттардың дұрыстығын тексеріп,
қабылдап алынғандығы туралы ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің
қ о л ы , қ ы з м е т і м е н т е г і

лауазымы аты-жөні

" _____ " _____ 199 _____ г.

құжаттың қабылданған күн

№ 3 қосымша

ф о т о с у р е т т і ң
о р н ы

4 x 5

Анкета-Өтініш

Мені Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуыма рұқсат
е т і ң і з

Сұрақтар

! Жауаптар -----1. Аты-жөні,
т е г і !

-----!-----2. Бұрын аты-жөніңізді,
т е г і ң і з ді өз г е р т т і !

сеңіз қашан, қай жерде және не себеп. !
тен өзгерттіңіз | -----!

-----3. Туылған жері, күні, айы, жылы (ауыл, !
қала, аудан облыс, егер шетелде !
туылған болсаңыз атап көрсетіңіз) !

-----!-----4. Ұлты !

-----!-----5. Білімі мен кәсібі(қашан,
қ а й д а , қ а н д а й !
оқу орнын бітірген) !

-----!-----6. От басы (некеде тұрмын,
а ж ы р а с т ы м , !
жесірмін) ! -----!

--7. Бұрын шет ел азаматтығында болсаңыз !

қай жерде, қашан және неге азаматтықты!
қабылдадыңыз, егер ол азаматтықтан !
шықсаңыз Қазақстан Республикасының !
азаматтығын не себепті қабылдадыңыз ! -----!-----

-----8. Сот арқылы қылмыстық немесе азаматтық !
жауапкершілікке тартылған болсаңыз не !
үшін, қашан және кім жауапқа тартты !

-----!-----9. Мемлекет алдында
ө т е л м е г е н !

міндеттеріңіз немесе жеке азаматтар !
мен қоғамдық ұйымдарға мүліктік !
қарызыңыз бар ма ! -----

-----10.Еңбекке араласқан күннен бастап !
атқарған қызметі туралы (оның ішінде !
жоғары және орта оқу орнындағы мерзім !
мен әскери қызметі) ! -----!-----

----- Бұл тармақты толтырғанда мекеме, кәсіпорындарында сіз қызмет
атқарған кездегі атауларымен көрсетілуі тиісті. Шартты атауы
бар (почта жәшігі, т.с.с.) кәсіпорындардың сол шартты
атаулары көрсетіледі. Әскер міндет атқару әскери билеттегі
көрсетілген атаулар жазылсын. -----

----- Айы және күні !Мекемесі, ұйымы, кәсіпор!Мекеме, ұйым,
к ә с і п о р ы н н ы ң
!ны атқаратын қызметі | мекен жайы
----- !

кі р г е н ! ш ы қ қ а н ! !
у а қ ы т ы н ы ң ! у а қ ы т ы ! !
! н ы ң ! !

-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----
-----!-----!-----!-----!-----!-----!-----

11. Сіздің жақын туыстарыңыз (жұбайыңыз, зайыбыңыз, әке-шешеңіз,
балаларының, аға-іні, апа-қарындастарыңыз)

Бұл тармақта Қазақстан Республикасында және шетелдерде тұратын барлық туыстарыңыз көрсетілуі керек. Оның некеге тұрғанға дейінгі тегі көрсетіледі.

-----Туыстық !Аты-жөні, !
Туылған жері!Жұмыс орны, !Келген елі мен
қатынасы! тегі ! жылы ! қызметі !тұрақты мекен жайы
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!

-----12. Менімен бірге
кәмелетке толмаған мына бала(лары)ма Қазақстан
Республикасының азаматтығынан шығуына рұқсат етіңіз.

-----NN!Аты, жөні,тегі!Туылған
жылы және айы!Туылған жері ! Ескерту
п п ! ! !
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!
-----!

----- Сұрақтар !
Ж а у а п т а р

-----13. Әскери міндетке қатысы
ж ә н е ә с к е р и !

шені. Әскер қатарына алынатын !
жастағы азаматтар әскери комис. !
сариаттан ТМД, Қазақстан Қарулы !
Күштеріндегі әскери қызметтен !
босатылғаны туралы анықтама !

тапсырады ! -----!-----

---14. Тұрақты мекен-жайы, телефон нөмірі!
-----!-----15. Паспортының сериясы
мен нөмірі, !
қашан және кім берген !
-----!----- " " 199_

_г. -----
(толтырылған күні) (қолы)

16. Анкета-арызды және онда көрсетілген құжаттардың дұрыстығын
тексеріп қабылдап алынғандығы туралы ішкі істер бөлімі
қызметкерлерінің қолы, қызметі мен тегі

Құжаттың қабылданған күні " " 199_г.

N _____ АНЫҚТАМАНЫҢ ТҮБІРТЕГІ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы _____

Бұрынғы азаматтығы _____

Қазақстан Республикасының азаматтығына 1996 жылғы
" " _____

N _____ Жарлықпен қабылданды.

Инспектор _____

(қ о л ы)

Анықтаманы алдым _____

(қолы)

19 " " _____

Ішкі істер министрлігі

Ішкі істер басқармасы

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігінің

1996 жылғы 23 желтоқсан

N 370 бұйрығына

N 4 қосымша

1996 жылғы " " _____

фотосурет орны

АНЫҚТАМА N _____

Қазақстан Республикасы азаматының

төлқұжатын алу үшін берілді

Тегі _____

Аты және әкесінің аты _____

Туған жылы, айы, күні және жері _____

Отбасы жағдайы _____

Азамат _____

азаматтық (бір елдің азаматы) _____

_____ 1996 жылғы N _____ Жарлықпен

Қазақстан Республикасының азаматтығына _____

қ а б ы л д а н д ы .

Онымен бірге Қазақстан Республикасының азаматы деп танылған балалар _____

(балалардың тегі, аты, әкесінің аты және

т у ғ а н ж ы л ы)

Ескерту. Қазақстан Республикасының азаматы деп танылған балалар ата-аналарының төлқұжатына жазылады

Ішкі істер министрлігінің,

ІІБ, ТЖВЖБ бастығы _____

М.О.

(қолы)

Анықтама түбіртегі _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы _____

Бұрынғы азаматтығы _____

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады

N _____ Жарлықпен қабылданды.

Негіздеме: Ішкі істер министрлігі, ІІБ

19__ жылғы "___" _____ қорытындысы _____

Инспектор _____

(қолы)

Анықтаманы алдым _____

(қолы)

1996 жылғы "___" _____

М.О.

Ішкі істер министрлігі
Ішкі істер басқармасы

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігінің
1996 жылғы 23 желтоқсан
N 370 бұйрығына
N 5 қосымша 1996 жылғы "___" _____

АНЫҚТАМА N_____

Қазақстан Республикасы азаматының
төлқұжатын алу үшін берілді

Тегі _____

Аты және әкесінің аты _____

Туған жылы, айы, күні және жері _____

Тууы туралы куәліктің N_____199_____

Тіркелген жері _____

(ЗАГС бюросының атауы және орналасқан жері)

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы
б о л ы п т а б ы л а д ы

Негіздеме: Ішкі істер министрлігі, ІІБ
199__ жылғы "___" _____ қорытындысы _____

*Ішкі істер министрлігінің,
ІІБ ТЖВЖБ бастығы* _____

М.О. (қолы)

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігінің
1996 жылғы 23 желтоқсан
N 370 бұйрығына N 6 қосымша

МІНДЕТТЕМЕ

Мен, _____ мені Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінім жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, оның мүддесі мен аумақтық тұтастығын қорғауға, салт-дәстүрлеріне, мемлекеттік тіліне және оның аумағында тұратын барлық ұлттар өкілдерінің тіліне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының зор күшін, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға күш-жігерімді аямауға міндеттенемін.

1996 жылғы " ____ " _____ Қолы _____

№ 7 қосымша

1996 жылғы " ____ " _____

№ _____

АНЫҚТАМА

Азамат _____

_____ туған жылы
ол және оның кәмелетке толмаған балалары

Қазақстан Республикасы Президентінің 199 жылғы " ____ " _____
№ _____ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығарылды деп шешілді.

Ішкі істер басқармасының
төлқұжат және визалық жұмыс
басқармасының бастығы

№ 8 - қосымша

Рет ! азаматтықтан ! Т.А.Ә. ! Нұсқаулықтың 5-тармағына
саны ! айрылған күні! ! сәйкес азаматтықтан айрылу
! ! ! негізі

-----!
-----!

-----!-----!-----!
-----!-----!-----!
-----!-----!-----!

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК